

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Еліміздің еркіндігі - Тәуелсіздік

ЖАРИЯЛАНДЫ
13.12.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/172609/

Картайганова Саулеш Ахметбековна

Жұмыс орны: «Алматы облысы білім басқармасының Еңбекшіқазақ ауданы бойынша білім бөлімі»

Мемлекеттік мекеме «Келешек» бөбекжай балабақшасы» МКҚК

Лауазымы: Тәрбиеші

Мектепалды «АЯЛА» тобы

Кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекет

«Еліміздің еркіндігі-тәуелсіздік»

Кіріктірілген ұйымдастырылған іс- әрекет

Тақырыбы: Еліміздің еркіндігі — Тәуелсіздік

Мақсаты: Балаларды Отанды сүйге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыруға тәрбиелеу. Сөйлеу мәнерін қалыптастырып, қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап берулерін қадағалау.

ҚР Әнұраны

Тәрбиеші: Балалар бүгін қонақтар келді, алдымен амандасып алайық!

Тәрбиеші: Қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: Қыс.

Тәрбиеші: Дұрыс, қыс. Қыс айларын атайық.

Балалар: Желтоқсан, қаңтар, ақпан. Қыс бізде 3 ай қонақта болады.

Тәрбиеші: Біз қандай мемлекетте өмір сүреміз?

Балалар: Қазақстан Республикасы.

Тәрбиеші: Біз қандай елміз?

Балалар: Тәуелсіз елміз

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыздар. Балалар, ерте кезде біздің елімізді хандар, сұлтандар, билер басқарған.

Біздің еліміз Ресеймен бірге болған, елімізді Ресейдің Президенті басқарған.

Ал қазір өзіміздің Президентіміз басқарады.

Балалар сендер, білесіңдер ме, елбасымыз кім?

Балалар: Тоқаев Қасым- Жомарт Кемелұлы

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар.

Тәрбиеші: Кинолента әдісі

Мен қазір сендерге Желтоқсан оқиғасы туралы қысқаша айтып беремін.

1986 жылы Желтоқсан оқиғасында Ербол Сыпатаев, Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Сабира Мұхаммеджанова тағы басқа жап-жас аға-апаларымыз құрбан болды.

Содан бері 33 жыл өтсе де бұл азаматтарды ұмытпай әр жыл сайын басымызды иіп, еске аламыз.

Өздері өмірлерін қисада, арттарында өшпеш іздері қалды. Олардың арман тілегі орындалды.

Қазір біздің еліміз тыныш, жақсы өмір сүріп жатырмыз. Біздің еліміз дамыған елдер қатарына қосылды.

Есімізге түсірейікші Туымыздың түсі қандай? Мына суретте не бейнеленген.

Балалар: Ту. Көк.

Көк ашық аспанды білдіреді. Қыран құс-еліміздің тыныштығы мен тәуелсіздігінің белгісі. Ою-өрнек қазақ халқының өнерінің, шеберлігінің белгісі.

Тәрбиеші: Балалар ал мынау не?

Балалар: Елтаңба.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар.

Бұл Қазақстан Республикасының Елтаңбасы.

Шаңырақ-Қазақстан атты үйіміздің жарық түсетін саңлағы. Арғымақ- еркіндіктің белгісі. Масақ- тоқшылықтың белгісі. Жұлдыз-жол сілтеуші жарық белгі.

Бір минут Желтоқсан құрбандарын еске алайық!**Шаттық шеңбері**

Отан сенің, ата-анаң,

Отан- досым бауырым

Отан – өлкем Астана

Отан туған ауылым.

Топқа бөлу

-Тұлпар тобы

-Қыран тобы

Тәрбиеші: Балалар бір сәт жоғары қараңдаршы не бейнеленген,

Балалар: Шаңырақ

Қазақстан картасы

Шаңырақ пен Қазақстан картасында тапсырмалар берілген соларды орындайықшы.

1. Ойын «Шаңырақ» ойыны Тұлпар тобы

Шарты: Балалар Қазақстан Республикасының рәміздерін атайды.

2. Ойын «Қазақстан Республикасы картасы» Қыран тобы

Шарты: Желтоқсан құрбандарын атау.

3. Ойын екі топқа «Жол бекеті» ойыны Тұлпар тобы**Қыран тобы**

Шарты: Жол кедергілер жүре отырып, әр бекетке тоқталып, сөздерді буындап оқу.

ХОР: «Тәуелсіздік ел ұраны»**4. Ойын «Киелі мекенім Қазақстан» Тұлпар тобы**

Шарты: Марблс тастарымен безендіру

5. Ойын «Отаным Қазақстан» ойыны Қыран тобы

Шарты: Берілген дыбыстарды тігіп, сөз құрастыру.

Балалардың Тәуелсіздік күніне арналған тақпақтары

1. Отан сенің, ата-анаң,

Отан- досым бауырым

Отан – өлкем Астанам

Отан туған ауылым. Милада

2. Құтты болсын тәуелсіздік мерекесі,

Мықты болсын елімнің керегесі.

Татту-тәтті боп халқымыз әрқашан,

Кетпесін туған жердің берекесі. Руслан Алихан

3. Бейбітшілік күн жаса,

Мерейімді асырып.

Тәуелсіз күнім жүз жаса,

Келеңсіз күнді жасырып. Жұлдыз

4.Отан жерім, Отан суым,

Отан қуат, нәр береді

Отан-ұран, Отан-туым

Отан мәңгі гүлденеді Айару

6. Отан оттан да ыстық Асқар

Сергіту сәтті. Флешмоб «Тәуелсіз елімнің ұрпағы»

7. Ойын «**Сиқырлы шарлар**» **Тұлпар тобы**

Шарты: Түрлі түсті стакандарға шарларды қойып 16 санын жазу

8. Ойын «Тапқыр қолдар» **Қыран тобы**

Шарты: Түрлі түсті стакандарға шарларды қою арқылы «ЕЛ» сөзін жазу.

9. Ойын «**Ғажайып ромбиктер**» **Тұлпар тобы**

Шарты: Ромбикті құрастыра отырып, суреттерді не бейнеленген соны баяндау.

• Ойын «**Сиқырлы саусақтар**» ойыны **Қыран тобы**

Шарты: Киізді саусақтармен ұру арқылы, сандарды жинау.

11. Ойын екі топ «**Дыбыстар көлеңкесі**» **Тұлпар**

Қыран

Шарты: Берілген тапсырмадағы дыбыстардың көлеңкесін тауып, сөз құрастырады.

Кері байланыс: «Гүлденген Қазақстан»

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.